



АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеудегі отбасының ролі

Баланы жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеуде – отбасы басты рол атқарады. Халықтық педагогика - отбасындағы тәрбиенің негізі. Адамның жеке басының мінез-құлқын қалыптастыруда, оның бойына жоғары адамгершілік қасиеттерді сіңіруде отбасы мүшелерінің атқаратын қызметі ерекше. Ұлы педагог А.С.Макаренко «Адам мінезін қалыптастырып тәрбиелеуде отбасы қоғамдық рол атқарады», - деген болатын.

Халық өздерінің мақал-мәтелдерінде де «Ұяда не көрсең- ұшқанда соны ілесің» деп, адам келешегі отбасындағы тәрбиеге байланысты деген философиялық ұғымды білдірген.

Бала дүниеге келген күннен бастап оны оқытып, тәрбиелеуде ананың ролі айтарлықтай зор. А.М.Горкий «Дүниедегі жақсылық атаулы күннің нұрымен, ананың сүтімен адамның бойына сіңеді», - деп текке айтпаған. Ана жаңа туған нәрестеге емшек сүтін беріп асырап қана қоймайды, бесікте жатқан күннен бастап оның мінез-құлқын да тәрбиелейді. Отбасындағы бала тәрбиесінде бірінші орынды анасы мен әкесі, сонан соң әжесі мен атасы алады, - деп өте орынды атап өткен. Ана балаға өмір сыйлауымен ғана жақын емес, ол өзінің өмір тәжірибесімен, бар білгенін туған күнінен бастап баланың бойына сіңіруге жұмсауымен, аналық мейіріммен, сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен жақын. Бала да ес біле бастағаннан-ақ айналасындағы құбылысқа, басқа адамдарға деген қуаныш немесе қорқыныш сезімдерін алдымен анасына білдіреді. Анасынан қорғаныш, қолдау табуға ұмтылады. Баланың алғаш тілінің шығуы «Ана» деген сөзден басталады. Ана баланың ең жақын қорғаушысы, ақылшысы, қамқоршысы. Балаға дүниеде туған анасынан жақын, қымбат адам жоқ. Ана баласы үшін басын ажалға тігуге де дайын. Ол баласының табанына кірген тікен маңдайыма кірсе екен дейді. Баласы қиыншылыққа кездескенде алдымен жаны қиналатын, шамасы келсе қол ұшын беріп, көмекке келетін анасы. Тіпті ашаршылық заманда қолындағы соңғы бір үзім нанын баласына беріп, өзі аштықтан жан тапсырған немесе ел шетіне жау қаптап келіп баласын қинағанда, ол үшін өз денесін оққа төсеген аналарды тарихтан көптеп кездестіруге болады.

Баланың әке – шешесі еңбекке араласып, отбасын асырау қамымен сирек шұғылданатын болғандықтан, бала отбасында уақыттың көбін атасымен, әжесімен өткізеді. Аталар мен әжелер балаларды отбасында түрлі өнер мен еңбекке де үйретеді. Ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдер айтып бере отырып, жастарды жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді. Үлкендерді қадір тұтып өмірі өткен қазақ ауылының өмірінде қарттарға деген ықылас, құрмет ерекше болған. Қариялар немере-шөберелерін туған баласынан кем көрмеген.

Баланың әке-шешесі ата-әжесі тұрғанда бала менікі деуге бата алмаған, ал балалары оларды аға, жеңге деп атаған.

Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің ролі де ерекше. Әке – отбасын асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкесінің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен соған қарап өсетін нысанасы. Қазақтың біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса, «оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой» деп мақтайтыны сондықтан.

«Әкеге қарап ұл өседі,
Шешеге қарап қыз өседі»,

«Әке – бәйтерек, Бала - жапырақ», - деген мақалдар да осы пікірді халықтың қуаттауынан туған. Адамның жақсы-жаман болуы шыққан тегіне байланысты емес, тәрбиесіне байланысты.

«Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз.

Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз», - деген мақалдармен тәрбиенің қоғамдағы ролін белгілеп берген. Отбасында әкелер өз өнерін балаларына үйретіп, оларды өзіндей мерген, аңшы, құсбегі, қолөнер шебері етіп тәрбиелеуге көңіл бөлген. Қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін мергендік, аңшылық немесе ұсталық, күйшілік өнерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі.

«Атадан ұл тумас боларма, ата жолын кумас боларма» деген мақал-сол пікірдің айғағы. Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін өзара бөлісіп алған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, аң аулауға, мылтық атып мергендік құруға, мал табуға, отбасын асырауға әкелері үйреткен. Ал қыз балаға үй сыпыру, төсек жинау, ас пісіру, шай құю, кесте тігу сияқты отбасының ішкі жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған. Қыз бала келешек ана, бала тәрбиешісі, отбасы ұйытқысы деп түсінген халқымыз оның еңбексүйгіш, өнерлі болып өсуіне ерекше мән берген.

Ақындардың өлеңдерінде кездесетін «Қыздың жиған жүгіндей» деген теңеулер текке айтылмаған. Қыз балалардың көрікті болып өсуіне аналары ерекше көңіл бөлген. Бойжеткен қыздардың киім киісіне де ерекше көңіл бөлген.

«Адам көркі – шүберек,

Ағаш көркі - жапырақ»,

«Қыз өссе – елдің көркі», - деп таныған халқымыз қыз балаларға қынама камзол, дүрия бешпет, биік өкше етік тіктіріп кигізген. Сырға,білезік, шашбау, шолпы секілді әшекей заттарды тақтырған.

Халық жырларындағы арулардың сұлу мүсінін осылайша шебер суреттеудегі мақсат-жастарды әсемдік сезімге бөлеу. «Қыз қылығымен сүйкімді», «Қызым үйде, қылығы түзде», - деп қыз тәрбиесінің ерекшелігіне аса жоғары мән берген.

Бала еліміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн. Өйткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат». Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс.